

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің»  
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Мектепке дейінгі жастағы балаларды  
тәрбиелеу мен оқыту барысында  
қолданылатын вариативтік компонент-1 (36 сағат)  
«Ұлттық тәрбие»  
Мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Турдалиева Г.С.

2021-2022 оқу жылы

«Келісілді»  
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»  
КМҚК әдіскері  
 Сұлтанғалиева Г.Қ.

«Бекітілді»  
«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»  
КМҚК менеджерінің у.м.а:  
 Бағытжанова Б.С.



**Мектепке дейінгі жастағы балаларды  
тәрбиелеу мен оқыту барысында қолданылатын  
вариативтік компонент-1 (36 сағат)  
«Ұлттық тәрбие»  
Мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобы**

Топ тәрбиешісі: Турдалиева Г.С.

**Мақсаты:** Балаларды ата - бабаларымыздың асыл мұрасын, дәстүрлерін қастерлеуге, мақтаныш тұтуға тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие арқылы балалардың әдет ғұрыптарға, салт дәстүрлерге деген қызығушылықтары арттыру, халық ауыз әдебиетін қолдану арқылы балалардың тілдері дамыту, сөздік қорларын байыту, ересектермен және құрдастарымен қарым - қатынас қажеттілігі қалыптастыру, ойлау қабілеттерін дамыту.

**Міндеті:**

1. Балалардың сөздік қорын молайту.
2. Жаңа сөздерді меңгерту.
3. Үйренген сөздерді тиянақтап , әрі байытып отыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Балалардың бойында ұлттық тәрбиені, төзімділікті, мәдениеттілікті салауатты өмір салтын ұсынуды шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қалыптастыру үшін ұлттық тәрбие жүйесін құру.

## Түсінік хат

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,  
тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»  
Әбу Насыр әл-Фараби

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанған ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтарын әлем елдерінің озық дәстүрлері мен озық тәрбие үлгілерімен байытып, жаңа тәрбие тұжырымдамаларын жасауда. Осы арқылы білім беру ісі мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізіп, жаңа ғасырдың жаңа сипаттағы интеллектуалды ұрпағын қалыптастыру ісі басты нысанаға алынып отыр.

Ендеше, «Ел боламын десең, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшадан бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын.

Тақырыбы	Мақсаты	Қажетті көрнекі құралдар	Әдіс - тәсілдері	Сағат саны	Күні
----------	---------	--------------------------	------------------	------------	------

Өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, Адамгершілік туралы	Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге ,адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке ,имандылыққа. шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйі, доп, түрлі-түсті жүрекшелер, ұлағатты сөздер.	Сұрақ-жауап,әңгімелесу	1	
Мейірімділік туралы мақал-мәтелдер	Балаларды инабаттылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділік ке үйрету. Өздерін көпшілік жерде қалай ұстауды және сөйлеуді, сөйлеп жатқан адамды тыңдай білуді үйрету.	Адамгершілік пен имандылық жайлы жазылған мақал-мәтелдер, жазылған плакаттар.	Сұрақ-жауап,әңгімелесу,пікірлесу, нақыл сөздер,	1	
Жақсылық туралы мақал-мәтелдер	Оқушылардың жақсылық құндылығы туралы, «жақсы адам» туралы түсініктерін кеңейту және жақсылық пен жамандықтың қатар жүріп адам өмірінде сан қилы белең көрсететінін ұғындыру. - Жақсылықтың адам өміріндегі мәні және жақсылық жасаудың қуаныш әкелетіндігін сезіндіру, жақсылықты түсіну, жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Асыл сөздер, Мақал-мәтелдер туралы кітаптар жинағы.	Түсіндіру, сұрақ-жауап,	1	
Қайырымдылық туралы мақал-мәтелдер	М.Сүндетов өмірімен таныстыру,әңгіменің мазмұны мен идеясын тәрбиелік мәнін ашу.Кейіпкердің іс-әрекетіне өз көзқарасын анықтай білу.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту,шығармашылық қабілеттерін арттыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	М.Сүндетовтың суреті мақал-мәтелдер нақыл сөздер. Көрініс бойынша суреттерін әңгімелету.	Сұрақ-жауап түсіндірме	1	
Қазақ ертегілері «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (аңыз әңгіме)	Ертегі идеясын ашып,ойлау қабілеттерін,сөздік қорларын дамыту,адамгершілікке,баур малдыққа,еңбексүйгіштікке .баулып мейірімділік	Кітаптар,суреттер, Түрлі түсті карандаштар сюжетті суреттер	Сұрақ-жауап,түсіндіру.	1	

	қасиеттерін дамыту.Қайырылымдылыққа тәрбиелеу.				
«Мақта қыз бен мысық»	Балалардың бойында ертегілер туралы түсініктерін кеңейту,кейіпкерлердің айқын бейнесін көрсете білуге және кіші қойылымдарды сахналауды үйрету.Балалардың ойлау қабілеттерін,қимылдарын дамыту.Қойылымға деген қызығушылықтарын арттыру.Балаларды еңбекке татулыққа тәрбиелеу.	Ертегілер кейіпкерлері, буклет слайдтар.	Түсіндіру көрсету,сұрақ жауап	1	
«Екі дос»	М.Қуанышбаевтың аңыз әңгімесі бойынша мәнін түсіндіру,идеясын ашуға деген талпынысқа жетектеу.Адам бойындағы жақсы жаман қасиеттерді ашып көрсету арқылы қарама қарсы ұғымдар туралы шындықты түсінуге мүмкіндік беру.Балаларды адамгершілік пен қаталдықты ажыратуға,достық деген ұғымды кастерлеуге тәрбиелеу.	Кітаптар нақыл сөздер мақал мәтелдер.	Сұрақ жауап әңгімелеу	1	
«Кім күшті»	Мәнерлеп оқу дағдысын нығайта түсу,сұраққа толық жауап беруге үйрету шығармадағы негізгі ойды таба білуге дағдыландыру.Топтағы жұмыс арқылы шығармашылықпен жұмыс жасай отырып ,дүние танымын кеңейту,өз пікірін ашық,еркін қорғай алу дағдыларын қалыптастыру.Балаларды еңбексүйгіштікке ,адалдыққа ,адамгершілікке баулу,ұйымшылдыққа,табиғатты қорғауға,аялауға тәрбиелеу.	Слайдтар,интерект ивті тақта	Түсіндіру,баяндау,сұрақ-жауап,ой қозғау,топтық әдіс	1	
Хан талапай	Балаларға қазақтың ұлттық ойындары туралы мәлімет беру. Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру.Балалардың ойлау,көру қабілеттерін	Киіз үй түрінде безендіру,коржын,а сықтар,компьютер, видео-ролик	Еске түсіру,қайталау,көрсету,түсіндіру,ойын,ойлау	1	

	дамыту.Балаларды әдептілікке,ұйымшылдыққа, мергендікке,шапшаңдыққа,бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу.Балалардың жылдамдығын жеделдету,жүйке жүйелерін шыңдау,тілін дамытып,ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру				
Ұлттық ойын Түйілген орамал	Балалардың денсаулығын нығайту,денені шынықтыру,мәдениетін қалыптастыру,өзін-өзі тәрбиелеу,өзін –өзі жетілдіру,жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту.Ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Сазды әуен,орамал	Сұрақ –жауап	1	
«Теңге ілу»	Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа ,адамгершілікке баулу.Бір – біріне деген сыйластығын,достық қарым-қатынасын нығайту.Ұлттық ойын арқылы салт – дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу.	Ұлттық киімдер,аттар ,теңге.	Түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
«Аударспақ»	Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру,балаларға ойынның жүру барысын меңгерту.Тапқырлыққа ,шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Аттар, ұлттық киімдер.	Сұрақ – жауап, түсіндіру	1	
Ұлттық тағамдар	Тағам атауларымен,оның ішінде қазақтың ұлттық тағамдарының атауларымен таныстырып,ұлттық дәстүр туралы мағлұмат беру.Өзінің туып-өскен жеріндегі халықтың тарихын,салт-дәстүрін, меңгерту. Қазақтың салт –дәстүрін бойына дарытуға тәрбиелеу.	Интерактивті тақта, ұлттық тағам суреттері,нақыл сөздер.	Сұрақ-жауап, түсіндіру.	1	
«Еттен жасалған»	Денсаулықтың негізі-дұрыс тамақтану екенін түсіндіру.Ұлттық тағамдарды насихаттау. Ұттық салт – дәстүрімізді құрметтеу,ұлттық сана-сезімдерін ояту.	Мақал мәтелдер,тыйым сөздер,ұлттық киімдер,ұлттық ыдыстар,ұлттық тағамдар,көрініс құралдар.	Сұрақ-жауап. Әңгімелесу түсіндіру.		
«Ұннан жасалған»	Ұннан жасалған тағамдарды мүсіндеу,іскерлік дағдыларын қалыптастыру.Балаларға	Ұннан жасалатын тағамдардың суреттері.Отбасы туралы сурет.	Сурет бойынша әңгіме құрау көрнекілік,түс	1	

	ұннан жасалатын тағамдар жайында қарапайым түсініктер беру,нанның қайдан шығатынын тиянақтау.		індіру.		
«Сүттен жасалған»	Төрттүлік малдан өндірілетін сүттің өзіндік жеке қасиеттері,соның ішінде сиыр сүтінен жасалатын тағамдар,оларды дайындау жолдары туралы мағлұмат беру.Сүт тағамдарының адам ағзасына қажетті заттарды қамтамасыз ететіндігін айту.Сиыр сүтінен дайындалатын тағамдарды ұлттық негізде жасап үйрену, сиыр малының дастархан құты екендігін түсіндіре отырып,халқымыздың ежелден келе жатқан ата кәсібін жалғастыруға тәрбиелеу.	Төрттүлік мал туралы буклет жұмбақтар, суреттегі тағам түрлері.	Әңгімелесу, сұрақ-жауап ,түсіндірме.	1	
Ұлттық киімдер	Ұлттық киімдермен таныстыру,көрсету,ұлттық сөзінің ерекшелігін көрсету нақышына келтіріп жасаған ою –өрнектерді меңгерту ,естеріне сақтау. Адамгершілікке,ұлттық сыйластыққа,сүйіспеншілігін артыру.	Суреттер,дидактик алық ойындар,ұлттық киімдер.	Түсіндіру,сұрақ -жауап	1	
Киізден жасалатын киімдер: 1. Байпақ. 2. Кебенек. 3. Киіз етік. 4. Киіз қалпақ. 5. Пима.	Ұлттық талғам,әдіспен,бас киімдер тігіп үйрену.балалардың қалай жасалу әдістерін түсіндіру.Әшекейлермен безендіру шеберліктерін дамыту.Балаларды шығармашылыққа, көркем өнерге тәрбиелеу.	Ұлттық бас киім түрлері; ерлер бас киімі, тақия үлгісі шаблон әзірлеу,	Түсіндірме, сұрақ-жауап Әңгімелеу.	1	
Теріден жасалатын киімдер бірнеше түрге бөлінеді. Сырткиімдер: Ішік; Жарғақ; Тақыр шалбар; Тон. Баскиімдер: Бөрік; Құлақшын; Малақай; Тақия; Тымақ. Аяқкиімдер:	Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру.Ұлттық киімдер туралы мәлімет бере отыра ,балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Грамматикалық минимум;күрделі зат есім сырт киім,бас киім,аяқ киім, қалпақ түрлі теріден жасалған заттарды баларға таныстыра отыра меңгерту балаларды	Бас киімдермен аяқ киімдерді балаларға суреттерін етене түсіндіру.Суреттері	Мақал – мәтелдер ,Жаңа сөздер ,түсіндірме.	1	

Кебіс; Мәсі; Саптама етік;	шығармашылыққа ,ізденпаздылыққа тәрбиелеу .				
Жүннен жасалатын киімдер: жабағы күпі, жадағай шапан, жүн қолғап, жүн шұлық, мойынша, түйежүн далбағай, кеудеше, шекпен, шидем шекпен. Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру:	Балаларға жалпы жүнен жасалатын бұйымдар туралы мағлұмат беру.Балаларға жүнен жасалу жолдары етене түсіндіру.Қазақтың ұлттық үй жабдықтарын жасалу жолдарын үйрете отырып ,өнерге деген шеберлік, ынта қабілетін дамыту. Халықтың өнерін, салт –дәстүрін бағалай білуге,өнер адамдарын құрметтеуге,әсемдікке,төзімділікке баулу ,эстетикалық тәрбие беру.	Слайдтар ,суреттер,буклет,жүннен жасалған бұйымдар.	Сұрақ-жауап, түсіндіру.	1	
Ұлттық ою-өрнектер Зооморфтықжану арларға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер	Балаларға ою –өрнектер туралы түсініктерін кеңейту,ою-өрнектерді ою әдістерін үйрету. Балалардың байқағыштық қабілеттерін,сөздік қорын дамыту.Балаларды көркемдікке тәрбиелей отыра талғамға сай жұмыс жасауға тәрбиелеу .	Интерактивті тақта суреттер ,өрнектер.	Сұрақ –жауап түсіндіру.	1	
Өсімдік бейнелі – жапырақты гүлдер, ағаш, шыршық, жетігүл өрнектер	Балаларға өсімдік түрлері және олардың өсуіне қажет жағдайлармен таныстыру.Балалардың қабілеттерін ойлау, деген қызығушылықтарын дамыту.Балаларды сүйіспеншілікке , табиғатты аялауға,өсімдікті, мәдениетілікке тәрбиелеу.	Интерактивті тақта, слайд,эртүрлі тіршілік орта суреттері .	Сұрақ-жауап ,түсіндірме	1	
Космогониялық – ай, күн, жұлдыз және аспан әлеміне байланысты өрнектер	Балаларды оюды бір ізге келтіру үрдісімен,пішіннің космогониялық сарындарымен таныстыру.Ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Ғарыш,сырмақ,	Сұрақ-жауап, әңгімелесу.	1	
Геометриялық – иректер, жұлдызшалар, үшбұрыштар және көпбұрыштар.	Балаларға ою-өрнектің шығу тарихы жайында жалпы түсінік беру,ою-өрнекті үйрету. Балалардың эстетикалық талғамын дамыта отырып,шеберлікке адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Оюлар,ұлттық киімдер,үй мүліктері мен жабықтар тағы басқа суреттер.	Сұрақ-жауап, Әңгімелесу,баяндау.	1	

Қазақ халқының салт-дәстүрлері	Балаларға қазақ халқының салт дәстүрлерімен әдет ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, баланың бойына адамгершілік қасиетерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету. Атан-анамен тығыз байланыс жасау арқылы ортақ тәрбиеге жұмылдыру. Имандылыққа шығармашылыққа тәрбиелеу.	Нақыл сөздер, жұмбақтар, өлеңдер, мақал-мәтелдер.	Сұрақ-жауап, әңгімелесу.	1	
«Баланы қырқынан шығару»	Балаларға наурыз тойы туралы түсінік бере отырып, ұлтымыздың салт – дәстүрлерін бойларыңа сіңіру. Салт -дәстүрлеріміздің ішіндегі баланы қырқынан шығару дәстүрі туралы білімдерін кеңейту. Балалардың санасын дамыта отырып, ұлтымыздың салт – дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	Қайшы , пышақ, өлеңдер нақыл сөздер Ырымдар айтылады.	Әгімелеу , пікірлесу сұрақ – жауап.	1	
«Бесікке салу»	Балаларға қазақтың салт – дәстүрлері туралы мағлұмат беру. Салт – дәстүр туралы ұғымдарын кеңейту. Денсаулықтарын сақтап таза жүруге үйрету . Балаларды тазалыққашапшаңдыққа, имандылыққа тәрбиелеу.	Бесік құралдарының суреттері жұмбақтар , мақалдар .	Әңгімелесу , сұрақ-жауап.	1	
«Тұсау кесу»	Салт-дәстүрлердің бірі тұсау кесумен таныстыру. Тұсаукесер-сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып ырым. Ала жіптің ұғымымен таныстыру. «Қаз-қаз балам, қаз балам» өлеңнің жаттау.	Қайшы, ала жіп, кітап, ойыншық т.б құралдар,	Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
«Ұлттық аспаптар» Үрмелі аспаптар	Қазақтың ұмыт болып бара жатқан көне аспаптары туралы білім беру, балалардың ой өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Ұлттық әдет ғұрыптарды сақтай білуге өнер иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Ұлттық аспаптар, суреттер, домбыра, қобыз,	Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.	1	
Ишекті аспаптар	Балаларға музыкалық аспап	Музыкалық	Әңгімелесу, тү	1	

	туралы түсінік беру,қазақтың музыкалық аспаптармен таныстыру және ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру.Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып музыкалық аспаптарда ойнай білуге жетілдіру.Қазақтың ұлттық аспаптарын мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.	аспаптар ,видео ролик.	сіндіру,сұрақ-жауап.		
Жіңішке сым арқылы дыбысы шығарылатын аспап	Балаларға қазақтың ұлттық саз аспаптарының ежелгі түрлерін таныстыру. Ұлттық музыка аспаптары туралы білімін кеңейтіп қызығушылығын ояту.Ұлттық музыкаға құрметпен қарауға оны түсініп тыңдауға тәрбиелеу.	Ұлттық аспап туралы буклет,суреттер,сөз жұмбақ.	Әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап.	1	
Ұрмалы аспаптар	Балаларға ұрмалы аспап түрлерімен таныстыру. Оркестрдегі осы аспаптардың ерекшеліктерін пайымдатып,зерделеу,музыканы ажырата білу түсіну қабілеттерін дамыту.Музыка арқылы балалардың бойына Отан сүйгіштік қасиетерін қалыптастырып,музыканы түсініп,құрметтеуге тәрбиелеу.	Баян аспабы, ноталар,суреттер,	Әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап.	1	
Тыйым сөздер (мән-мағынасы бар) Тұрмыстық-шаруашылыққа байланысты ырым тыйымдар:	Балаларға ата бабамыздан жалғасып келе жатқан ырым тыйымдар жайлы айтып олардың бірнешеуімен таныстыру. Балалардың ой өрісін шығармашылығын тіл байлығын дамыту.Балаларды жинақтылыққа,ұқыптылыққа ,тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Буклет,мақал-мәтелдер,өлеңдер.	Әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап.	1	
Әдеп мәдениетіне тәрбиелейтін ырымдар мен тыйым сөздер:	Балаларға «Амансың ба?», «Сау болыңыз, «Өтінемін», т.б сөздерінің мағынасын түсіндіру.үлкенді сыйлау,кішіге қамқор болу,байланыстыра сөйлеп,диалог құрай білуді үйреніп тақпақты мәнерлеп айтуға дағдыландыру.	Орман декорациясы, ағаштар,гүлдер, атрибуттар.	Ойын,көрсету ,сұрақ-жауап.	1	

<p>Ырымдар мен тыйымдардың баланы қауіптен сақтандыратын түрлері</p>	<p>Ырымдар туралы мағлұмат беру . Мән мағынасын түсіндіруге дағдыландыру.Рухани жан-дүниесін дамыту. Балаларды адалдыққа,сезімділікке тәрбиелеу.</p>	<p>Ырым тыйым сөздер буклет.</p>	<p>Әңгімелесу, түсіндіру,сұрақ-жауап.</p>	<p>1</p>	
<p>Мәдени-гигиеналық мағынаны қалыптастыратын ырымдар мен тыйымдар:</p>	<p>Балаларға салауатты өмір – салты туралы түсінік беру.Балалардың көңіл-күйін көтеру мәдени гигиеналық талаптарды орындау ,тазалыққа ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Ырым тыйым сөздер</p>	<p>Әңгімелесу, түсіндіру,сұрақ-жауап.</p>	<p>1</p>	

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кел, балалар, оқылық (балаларға арналған хрестоматия) Дәуір-Кітап баспасы Алматы
2. Біздің кітап. Алматы «Рауан» 1996ж.
3. Ақ серек, көк серек. Алматы «Жалын» баспасы 1990ж.
4. Тілашар.
5. Бөбектерге байғазы.
6. Көркем әдебиет. «Аруна» баспасы 2002ж